

Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар сатып алған және өткізілген түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтары туралы есептілікті ұсыну нысаны мен мерзімін айқындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 30 наурыздағы № 161 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 1 сәуірде № 20260 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № 148 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 17-2-бабының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар сатып алған және өткізген түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтары туралы есептілікті ұсыну нысандары мен мерзімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін атқарушы

К. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

Бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2020 жылғы 30 наурыздағы
№ 161 бұйрығымен
бекітілген

Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау , қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың сатып алған және өткізілген түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтары туралы есептілікті ұсыну нысаны мен мерзімі (1-ТҚМСҚЖ)

Ескерту. Нысанға өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.04.2021 № 205 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Индекс: 1-ТҚМСҚЖ

Кезеңділігі: тоқсандық.

Ұсынатын тұлғалар тобы: түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар

Қайда ұсынылады: Индустрия және индустриялық даму жөніндегі уәкілетті органға

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейін

Заңды тұлғаның аты: (ЖШС " __ ", АҚ " __ "), БСН _____

Есепті кезең: 20 __ жылға

Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын сатып алу						Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын өткізу							
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
	Сатуш ының	Сатуш ының	1 тонна	Салма ғ ы		Облыс ,		Сатып алуш	Сатып алуш	Сатып алуш ының БСН/	1 тонна		

Сатушының атауы	заңды мекен жайы	БСН / ЖСН-і	үшін баға, теңге	тонна мен	Жалпы құны	аудан (тиеу)	ӘАО Ж коды	ының атауы	ының өкірі	ЖСН-і	үшін баға, теңге	Салмағы тонна мен	Жалпы құны
-----------------	------------------	-------------	------------------	-----------	------------	--------------	------------	------------	------------	-------	------------------	-------------------	------------

Ескертпе: Нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Орындаушы _____

Қолы, күні

Тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде)

Қолы, күні

Тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде)

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

Қолы, күні

Тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде)

Ескертпе:

ЖШС-жауапкершілігі шектеулі серіктестік:

АҚ-акционерлік қоғам:

ЖСН-жеке сәйкестендіру нөмірі:

БСН-бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

ӘАОЖ - әкімшілік - аумақтық объектілер жіктеуші (ӘАОЖ кодтарының анықтамалығы WWW.stat.gov.kz сайтында жарияланған)

Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың сатып алған және өткізілген түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтары туралы есеп ұсыну нысаны мен мерзімі бұйрығына қосымша

Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың сатып алған және өткізілген қара және түсті металл сынықтары мен қалдықтары туралы есептілікті ұсыну нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-бағанда түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сатушының атауы көрсетіледі;

2-бағанда түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сатушының заңды мекенжайы көрсетіледі;

3-бағанда түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сатушының бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

4-бағанда 1 тонна үшін сатып алынған сынықтың бағасы көрсетіледі;

5-бағанда сатып алынған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарының салмағы көрсетіледі;

6-бағанда сатып алынған сынықтың жалпы құны көрсетіледі;

7-бағанда түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын тиесп жөнелту жүзеге асырылған облыс, аудан көрсетіледі;

8- бағанда ЭАОЖ коды көрсетіледі;

9-бағанда түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын сатып алушының атауы көрсетіледі;

10-бағанда түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын сатып алушының заңды мекенжайы көрсетіледі;

11-бағанда түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын сатып алушының бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

12-бағанда 1 тонна үшін өткізілген түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарының бағасы көрсетіледі;

13-бағанда сатылған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарының салмағы көрсетіледі;

14-бағанда түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарының жалпы құны көрсетіледі.